Әділет

# "Мемлекеттік қала құрылысы кадастры саласында мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) бағаларын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 29 ақпандағы № 114 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрінің 2023 жылғы 25 желтоқсандағы № 156 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мемлекеттік қала құрылысы кадастры саласында мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің ) бағаларын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 29 ақпандағы № 114 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13550 болып тіркелген) мынадай өзгеріс ензілсін:

аталған бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік қала құрылысы кадастры саласында мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың ( жұмыстардың, қызметтердің) бағалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен :

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялауға жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Министр* | *Қ. Шарлапаев* |

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Бәсекелестікті қорғау
және дамыту агенттігі

Бұйрыққа
қосымша
Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2016 жылғы 29 ақпандағы

№ 114 бұйрығына
қосымша

# Мемлекеттік қала құрылысы кадастры саласында мемлекеттік монополия субъектісі өндіретін және (немесе) өткізетін тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) бағалары

## 1-тарау. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрындағы ақпаратты есепке алу (тіркеу, деректерді енгізу)

| р/с № | Атауы | Өлшем бірлігі | Бағасы, теңге (қосымша құн салығын есепке алмай ) |
|---|---|---|---|
| 1 | Жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасы | объект | 3 478 |
| 2 Инженерлік-геодезиялық ізденістер материалдары (топографиялық және атқарушылық түсірілім)1 | | | |
| 2.1 | жауапкершіліктің III ( төмендетілген) деңгейіндегі объектілері | га | 6 480 |
| 2.2 | техникалық жағынан күрделі емес, жауапкершіліктің II ( қалыпты) деңгейіндегі объектілер | | 8 594 |
| 2.3 | техникалық жағынан күрделі, жауапкершіліктің I ( жоғары) және II ( қалыпты) деңгейіндегі объектілері | | 10 916 |
| 2.4 | технологиялық күрделі объектілердің | | 13 486 |

*Ескертпе:

1) объектілерді техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызу Ғимараттар мен құрылыстарды техникалық және (немесе) технологиялық жағынан күрделі объектілерге жатқызудың жалпы тәртібін айқындау қағидаларына сәйкес айқындалады (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 28 ақпандағы № 165 бұйрығы).

2) ұсынылған материалдарды мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізу және инженерлік-геодезиялық ізденістер жүргізу жөніндегі нормативтердің ережелеріне сәйкестікке талдау, мемлекеттік қала құрылысы кадастрының автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі – МҚҚК ААЖ) кеңістіктік байланыстыруды жүзеге асыру.

3) тіркеу тәртібі Қала құрылысы жобаларын, жобалау алдындағы және жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасын, сондай-ақ сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі объектілерін мемлекеттік қала құрылысы кадастрының деректер базасында тіркеу қағидаларына (Қазақстан Республикасы Өңірлік даму министрінің 2014 жылғы 16 маусымдағы № 172/НҚ бұйрығы) сәйкес жүзеге асырылады.

## 2-тарау. Мемлекеттік қала құрылысы кадастрынан мәліметтер ұсыну

| № | Атауы | Өлшем бірлігі | Бағасы, теңге (қосымша құн салығын есепке алмай ) |
|---|---|---|---|
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 1 | МҚҚК ААЖ-дан жобалау алдындағы және жобалау құжаттамалары бойынша мәліметтер беру | объект | 1 222 |
| 2 | МҚҚК ААЖ-дан инженерлік желілердің, ғимараттардың және ( немесе) құрылыстардың нақты орналасу схемасын ұсыну (үзінді көшірме) | га | 12 217 |
| 3 | Бекітілген қала құрылысы жобаларынан ( БЖ, ЕТЖЖ) кадастрлық жоспарды жасау және беру | объект | 2 068 |
| 4 | МҚҚК ААЖ арқылы ақпараттық ресурстарға қол жетімділікті беру: | Бір пайдаланушының қолжетімділігі (ай) | - |
| 4.1 | шекаралардағы барлық ақпараттық қабаттарға *( ашық деректер)*: | | - |
| | бір елді мекеннің; | | 1 560 |
| | республикалық маңызы бар елді мекеннің және астананың; | | 2 079 |
| 4.2 | шекаралардағы бір ақпараттық қабатқа: | | - |
| | бір елді мекеннің; | | 1 040 |
| | республикалық маңызы бар елді мекеннің және астананың. | | 1 560 |

Ескертпе:

1) МҚҚК ААЖ базасынан аумақтың кадастрлық жоспары мен схемалары бастапқы координаттар жүйесіндегі dwg-файл немесе shp-файл форматында ұсынылады. Бастапқы координаттар жүйесінде shp-файл форматындағы схемаларды дайындау құны 1,2 коэффициентімен осы кестенің бағалары бойынша айқындалады;

2) МҚҚК ААЖ-дан мәліметтерді беру тәртібі Қазақстан Республикасының мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізудің және одан ақпарат және (немесе) мәліметтер ұсынудың қағидаларына (Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 244 бұйрығы) сәйкес жүзеге асырылады.

3) ақпараттық қабаттар Мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізу бойынша бекітілген нормативтік құжатқа сәйкес айқындалады (ҚР ИИДМ ҚТҮКШІК төрағасының 2022 жылғы 2 қарашадағы № 201-НҚ бұйрығы);

4) Ақпарат ұсыну және МҚҚК ААЖ қабаттарына қолжетімділік беру "Мемлекеттік құпиялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

## 3-тарау. Инженерлік коммуникацияларды түгендеу

| | | |
|---|---|---|
| | | **Күрделілік санаты1, теңге/га (қосымша** |

| р/с№ | Жұмыстардың атауы | құн салығын есепке алмай) | | |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | | |
| 1 | 1:500 масштабты жоспарды құра отырып, құрылыс салынған аумақтардағы жерасты және жерүсті коммуникацияларын түгендеу | 29 167 | 45 350 | 77 152 |
| 2 | 1:500 масштабты жоспарды құра отырып, құрылыс салынбаған аумақтардағы жерасты және жерүсті коммуникацияларын түгендеу | 6 962 | 12 420 | 17 124 |

Ескертпе:

1) түгендеудің күрделілік санатының сипаттамасы:

*Құрылыс салынған аумақтар:*

*1 санат*

ахуалы қарапайым/құрылысы сирек, аздап жерасты коммуникациялары, рельс жолдары, жеке тұрған ағаштарымен көгалдары бар елді мекендер, көлік пен жаяу жүргіншілер қозғалысы баяу;

қарапайым конфигурациялы құрылыс салынған, жерасты және жерүсті коммуникацияларының сирек желісі, отырғызылған шағын екпелері мен ахуалдың басқа элементтері бар орамішілік аумақтар.

*2 санат*

орташа күрделі ахуалы/орташа құрылыс салынған, жоспарлаудың күрделі конфигурациясы, жерасты және жерүсті коммуникацияларының, рельс жолдарының дамыған желісі, ағаштары мен көгалдары бар елді мекендер, көлік және жаяу жүргіншілер қозғалысы қарқынды;

қарапайым конфигурациялы құрылыс салынған, жерасты және жерүсті коммуникацияларының дамыған желісі, шағын ағаштары немесе жерасты және жерүсті коммуникацияларының сирек желісі және көптеген аула құрылыстары, қоршаулары, ағаштары бар тығыз құрылыс салынған орамішілік аумақтар.

*3 санат*

ахуалы күрделі, жерасты, жербеті және жерүсті коммуникацияларының тығыз желісі, рельс жолдары, көгалдары мен ағаштары көп елді мекендер, көлік және жаяу жүргіншілер қозғалысы өте қарқынды немесе таулы жерлерде (курорттық қалалар, таулардағы қалалар) тығыз құрылысы, өте күрделі орналасуы немесе шашыраңқы құрылысы бар шағын қалалар;

күрделі конфигурациялы тығыз құрылысы, көптеген ғимараттар, қоршаулар, ағаштар, жерасты және жер үсті коммуникацияларының тығыз желісі бар орамішілік аумақтар.

*Құрылыс салынбаған аумақтар:*

*1 санат*

төбелер және шоқылармен оқшауланған жыралар және сайлармен аздап қиылысқан, өсінділерсіз сирек абаттандырылған орманмен немесе сирек бұталы тоғаймен көмкерілген қолайлы бедерлі жазық жер; контурлардың саны шамалы;

айқын көрсетілген контурларының шағын санымен ірі бедерлі нысандарымен ашық адырлы жер;

ағысы, арнасы мен тармағы аз ашық өзен жайылмасы, батпағы өтуге оңай; сирек арықтар желісі бар суармалы маусымдық дақылдардың ашық учаскелері.

*2 санат*

жыралар және сайлармен қиылысқан, кей жерде өсінділері бар орманды алқаптармен немесе тығыз бұталармен көмкерілген жазық жер, контурлар саны орташа;

бедерінің ірі нысандары бар, өсіндісі немесе бұтасы жоқ сирек орманмен көмкерілген адырлы жер, контурлар саны орташа; орташа күрделі бедерлі және контурлары аз ашық таулы жер;

өзеннің жайылмасы жартылай жабық, жартылай батпақты, ағысы, арнасы мен тармағы аз; батпағы өтуге орташа;

арықтардың желісі бар суармалы маусымдық дақылдардың жартылай жабық учаскелері және бақтар мен жүзімдіктер алып жатқан жазық аумақтар.

*3 санат*

жыралар және сайлармен едәуір қиылысқан, бұталары бар тығыз орман басқан, жазық немесе адырлы жер ;

толығымен сулы-батпақты, үйінділер және құлаған ағаштары бар орманмен көмкерілген, шөп басқан, батпақты жер; күрделі бедерлі шөлді аудандар;

күрделі бедерлі нысандары бар орманды таулы аймақ; тау беткейлеріндегі бақтар мен жүзімдіктердің аумақтары;

күрделі майда бедерлі өзен жайылмасы, толығымен шөп басқан, көптеген ағысы, арнасы мен тармағы бар, батпақты; батпағы өтуге қиын; арықтардың тығыз желісі бар суармалы маусымдық дақылдардың ( бақтардың) жабық учаскелері.

2) Инфрақұрылымдық деректерді жаңарту осы кестенің бағасына сәйкес жүргізіледі;

3) Мемлекеттік қала құрылысы кадастрының деректер базасына графикалық және атрибутивтік ақпаратты (цифрлауды) енгізу нәтижесінде Мемлекеттік қала құрылысы кадастрын жүргізу жөніндегі бекітілген нормативтік құжатқа сәйкес құрылыстардың, абаттандырудың және барлық инженерлік, көлік коммуникацияларының орналасқан жері туралы ақпараттық қабаттарды қамтитын 1:500 масштабтағы елді мекендердің цифрлық электрондық картасы құрылады *(ҚР ИИДМ ҚТҮКШІК төрағасының 2022 жылғы 2 қарашадағы № 201-НҚ бұйрығы).*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК